

ӨОЖ 159.923-057.8

Э.К. Қалымбетова*, Ж.М. Арынбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: elmira.kalymbetova@kaznu.kz

Кәсіби іс-әрекетке тұлғалық дайындық мәселесінің психологиялық ерекшеліктері

Аңдатпа. Мақалада кәсіби іс-әрекетке тұлғалық дайындық мәселесінің психологиялық ерекшеліктері мен дайындықты қамтамасыз ететін оқыту үдерісіндегі білім беру тәсілдері қарастырылған. Нақты тақырыпты зерттеу қазіргі уақытта ешқандай өзектілігін жоғалтқан жоқ. Себебі болашақ мамандарды дайындау мәселесі, олардың бойларында тұлғалық, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру өте жоғары мәнге ие. Сондай-ақ эксперименттік жұмыстардан алынған көрсеткіштердің өңделген қорытындылары келтірілген. Эксперимент барысындағы құзыреттілік компоненттерінің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері, мамандардың коммуникативті құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері, эксперименттік және бақылау тобы студенттерінің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының (эксперименттің басы мен соңы) даму деңгейі көрсеткіштерінің динамикасы сызба түрінде көрсетілген.

Түйін сөздер: кәсіби дайындық, құзыреттілік, коммуникативтілік, өзіндік даму, даярлық бейнесі, педагогикалық қабілеттілік, өзара әрекет ету тәсілдері, өзіндік анықталу.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деумен қатар, «...қазақстандық жоғары оқу орындардың міндеті – әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру» деп атап көрсеткен болатын. Бұл міндеттің ойдағыдай жүзеге асырылуы жоғары оқу орындарының жаңа тұрпаттағы болашақ маманды, яғни шығармашылық ойлау қабілеті, кәсіби-педагогикалық біліктілік деңгейі жоғары, білім беру саласындағы инновациялық процестерді жүзеге асыруға қабілетті маманды даярлау мәселесіне жаңа тұрғыдан келуіне тікелей байланысты.

Іс-әрекеттің адамға әсері Б.Г. Ананьев [1],

А.Н. Леонтьев [2], С.Л. Рубинштейн [3] және т.б. теориялық түрде дәлелденіп, практикалық түрде негізделген. А.Н. Леонтьев «Іс-әрекет – бұл реакция емес және реакциялар жиынтығы емес, өзінің құрылымына, ішкі өтулер мен өзгерістері, өзінің дамуына ие жүйе» [2] деген пікірлермен келісу керек. Студенттерге көрсетілген түрлі білім алу, ойлана үйрену, талдау мүмкіндігі жаңа педагогикалық философияға бағытталған: терең интеллектуалды құзыреттілік позициясынан кәсіби мәселелерді шешуде іс-әрекетті-тұлғалық қатысуға дайын болу. А.К. Маркова белгілегендей, адамның кәсіпқойлығы – бұл тек онымен қойылған жоғары кәсіби нәтижелерге жету ғана емес, тек еңбек өнімділігі емес, сонымен қатар психологиялық компоненттердің болуы – еңбекке деген адамның ішкі қатынасы, оның психикалық қасиеттерінің жағдайы [4].

Соңғы жылдары болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттер мәселесіне қызығушылық жоғарылады. Педагогика және психологияда олар туралы педагог тұлғасының концепциясы негізінде қалыптасқан көптеген ойлар бар (А.А. Бодалев [5], В.А. Кан-Калик [6], Н.В. Кузьмина [7], А.К. Маркова [8] және т.б.).

Болашақ маманның кәсіби мәдениетінің мәнді бөлігі, оның кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қабілеттілігі және даярлығының бейнесі болып табылатын кәсіби құзыреттіліктің негізі жоғары оқу орнында қаланады. Маманның инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру құзыреттілігі, жалпы кәсіби құзыреттілігі оның бүкіл кәсіптік өмірі барысында қалыптасып, дамиды. Жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың инновациялық технологияларды жүзеге асыруға кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі, кең мағынасында, отандық экономиканың, өндірістің инновациялық дамуымен байланысты жаратылыстану пәндерін оқытудың жаңа міндеттерінен туындайды. Тұлғаның кәсіби маңызды сипаттамалар құрамы (барлық ғалымдар дерлік берілген сұрақты болашақ маман тұлғасына байланысты қалыптастырады) айтарлықтай кең – ол өзіне көптеген әлеуметтік сипаттамалар қатарына бірнеше психологиялық сипаттамаларды қосады [9,10,11-б.].

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін біртұтас педагогикалық үдерісіне жүйелілік тұрғысынан келу тұжырымдамасы (Ю.К. Бабанский, М.А. Данилов, М.Н. Скаткин, В.А. Слостенин, В.В. Юдин, Ю.А. Конаржевский, Н.Д. Хмель және т.б.); жеке тұлғаға іс-әрекеттік тұрғыдан келудің психологиялық тұжырымдамасы (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн және т.б.); білім беру мазмұнын құрудың қазіргі тұжырымдамалары (И.Я. Лернер, В.С. Леднев және т.б.); білім беру технологиялары саласындағы зерттеулер (В.П. Беспалько, М.В. Кларин, Т.М. Давыденко, Т.И. Шамова, П. Юцявичене және т.б.); білім беруді белсендіру теориясы (Т.И. Шамова, И.Ф. Харламов); жалпы және педагогикалық инновацияның негізгі теориялық ережелері (В.А. Слостенин, Н.Р. Юсуфбекова, Ш.Т. Таубаева және т.б.); кәсіптік білім беруге құзыреттілік тұрғысынан келу теориясы (А.И. Савенков, Г.К. Селевко, Н.С. Розов және т.б.) құрайды.

Болашақ маманды нағыз маман ретінде даярлау ерекшелігін қарастырғанда педагогикалық

мамандықты қоғамға қажетті, әлеуметтік құнды және шектелмеген, еңбек бөлінісінің салдары, адамның өзінің сарп еткен еңбегінің өтеуіне адамның өзінің дамуы мен өмір сүруі үшін мүмкіндік беретін, адамның рухани және физикалық күшін салатын сала ретінде түсіндіріледі.

Жоғары оқу орны шеңберінде даярлау студенттерде осы мамандық пен оның ерекшелігі туралы, қызметтің негізгі элементтерін жүзеге асырудағы шарттар мен факторлар туралы, тұлғаның қалыптасу механизмдері және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі тұлғаның ары қарай өзін-өзі дамуын қамтамасыз ету туралы түсінік жүйесі қалыптасады.

Осыған байланысты оқу үдерісін ұйымдастыруда негізгі назар тек оқу процесін жақсартуға ғана аударылмайды, сондай-ақ бұл қызметтің «технологиялық» элементтерінен, әсер ету және өзара әрекет ету тәсілдері мен стильдерінен, оқу материалын меңгерудің тиімді тәсілдерінен тұратын, өзінің іс-әрекетін болжай алу мүмкіндігін дамыту, психикалық белсенділігін оптимизациялаудан тұратын студенттің субъективті тәжірибе жинақтау мен дамуында әртүрлі педагогикалық технологияларға да үлкен назар аударылады [12].

Педагогикалық мамандық, оның үлгісі, болашақ мамандардың рефлексивті қабілеттіліктері, олар ЖОО-ға түспей тұрып-ақ тұрақты сипаттамаға ие болады. Педагогикалық қызметтің маманданған педагогикалық білім берілгенге дейін меңгеріліп қойылған бірнеше элементтерін бөліп көрсетуге болады. Оған педагогикалық қабілеттілік туралы ұсынысты да жатқызуға болады [13,14].

Заманауи жағдайларда оқыту мақсаты жалпы мәдениеттің жоғары деңгейінің қалыптасуына, тұлғаның білім алу сұраныстарын қанағаттандыруға, өзіндік дамуға және өзіндік анықталуға жағдай жасауға бағытталған. Мұндай жағдайда оқытушы міндеті білім беру сапасы мен тәсілін оптимизациялау; оқушылардың өзіндік индивидуалды жұмысында әрекеттердің бағдары мен бағыттылығын тікелей қалыптастырады. Егер бұрын аудиториядан тыс сабақтар екіншілік, қосымшалық ретінде қарастырылса, жаңа жағдайларда оларды студенттердің шығармашылық іс-әрекетінің икемдері мен дағдылары және өзіндік білім алу қалыптасатын оқыту процесінің негізгі формасы

регінде қарастыру керек. Осыған байланысты, табиғи түрде, студенттердің оқу жұмысының сапасын сессия аралық бақылау сипаты туралы сұрақ туындайды. Бақылаудың мәні студентті тәртіпке келтіретіндігі, студентте табандылық және мақсатына жетудегі жауапкершілікті қалыптастыратындығы, жүйелі оқу еңбегіне үйрететіндігі мәлім. Бір жағынан, бақылау студенттің оқығандық деңгейін анықтайды,

басқа жағынан – оқыту-тәрбиелеу процесінің сапасын бағалайды [15].

Зерттеу оқытушы мен студенттің келесі іс-әрекеттеріне түзетулерді жасауға мүмкіндік береді. Жетістік пен сәтсіздікті анықтай отырып, сонымен бірге олардың себептерін анықтай отырып, педагогикалық жүйені айтарлықтай тез бейімделу мүмкіндігін алуға болады. Жүргізілген эксперименттен келесі қорытынды алынды.

1-кесте – Эксперимент барысындағы құзыреттілік компоненттерінің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері

Компоненттер	БТ (n=30)			ЭТ (n=30)		
	төмен	орташа	жоғары	төмен	орташа	жоғары
Лингвистикалық	36,3 %	40,9 %	22,7 %	12,5 %	50 %	37,5 %
Когнитивті-операциялық	13,6 %	50%	36,4%	0 %	37,5 %	65,5 %
Тұлғалық	27,3 %	50 %	22,7 %	8,3 %	50 %	41,7%

Болашақ мамандардың коммуникативті құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін эксперимент соңында бағалау, сонымен қатар рейтингтік бағалау


әдісі негізінде де жүргізілді, рейтингтік бағаны оқытушылар береді.

2-кесте – Мамандарының коммуникативті құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін рейтингтік бағалау әдісі негізіндегі көрсеткіштері


Деңгей-лер	Бақылау тобы (n=30)				Эксперименттік топ (n=30)			
	Эксперимент басы		Эксперимент соңы		Эксперимент басы		Эксперимент Соңы	
	адам	%	адам	%	Адам	%	адам	%
Төмен	13	50	10	27,3	14	41,7	5	8,3
Орташа	12	41	14	50	13	45,8	16	54,5
Жоғары	5	9	6	22,7	3	12,5	9	41,6

Эксперименттік және бақылау тобы студенттерінің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының (эксперименттің басы мен соңы) даму

деңгейі көрсеткіштерінің динамикасын 1 және 2-суреттерден көруге болады.



1-сурет – Студенттердің кәсіби құзыреттілігі деңгейінің көрсеткіштері (экспериментке дейінгі % есебімен)



2-сурет – Студенттердің кәсіби құзыреттілігі деңгейінің көрсеткіштері (эксперименттен кейінгі % есебімен)

Тәжірибелік-психологиялық жұмыстың нәтижесінде егер жоғары оқу орындарындағы жоғары курс студенттерінің болашақ кәсіби іс-әрекетіне тұлғалық дайындығын кәсіби құзыреттілігі арқылы қалыптастырса болашақ мамандар

дәстүрлі, іс-әрекеттік тұрғыдан ескірген компоненттерден арылып, жаңа құралдарды пайдалану арқылы жаңа нәтижелерге қол жеткізу бойынша іс-әрекеттерін ұйымдастыруға негіз болатын теориялық білімдерін, жаңа

технологияларды жобалау және пайдалану қабілеттерін, тәжірибелік дайындықтарын жүйелі түрде қалыптастыру жолымен жүзеге асырылатын болса, онда зерттелетін сапаны студенттерде тиімді қалыптастыруға болады деген жорамал расталды.

Қорыта келе, келесідей нұсқаулар беруге болады:

Болашақ мамандарды кәсіби дайындауда университетте білім беру үдерісінде кәсіби-дидактикалық құзыреттілік қалыптастырудың мүмкіндіктерін пайдалану өз жемісін беретіндігін үнемі назарда ұстау, ол үшін ұсынылып отырған ғылыми-әдістемелік жүйені негізге алуға болады.

Бүгінгі әлеуметтік, педагогикалық және кәсіби дайындықтың сұранысын қанағаттандырудың басты бағыты – болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық курсы жоғары оқу орнының типтік оқу жоспарына міндетті пәндер қатарына енгізу керек. Мамандыққа дәріс оқитын профессор-оқытушылардың қызмет бағдарын жұмыстың негізгі арқауы кәсіби құзыреттілік қалыптастыруға бағытталатындай дәрежеге көтерген жөн.

Күтілетін нәтижені және оның түрлері мен тәсілдерін өзгерту. Студенттің базалық, кәсіптендіру пәндерін меңгерудегі күтілетін нәтижесі олардың кәсіби біліктілігін түйінді құзыреттіліктер негізінде әлеуметтік-құқықтық, ақпараттық – технологиялық, тілдік аясында өзбетінше көтере білу және жүзеге асыру қабілетіне байланысты екендігін үнемі назарда ұстау.

Университеттің педагогикалық факультеттерінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін кеңейтуге арналған ғылыми жобалар түрлерін ұйымдастыру және осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру қажет.

Қарастырылып отырған мәселе өте ауқымды және тың болғандықтан, ол толық зерттеліп болды деуге болмайды. Келешекте болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі қалыптасуының біртұтас жүйесін студенттердің зерттеушілік, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бағыттарында құруға болады.

Әдебиеттер

1. Ананьев Б. Г. Некоторые проблемы психологии взрослых. – М., 1973. – С. 28-30.

2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1977. – С. 30-32.

3. Рубинштейн С.Л. Мотивы поведения деятельности. – М.: Наука, 1988. – С. 13-14.

4. Ковалев В. И. Мотивы поведения и деятельности / АН СССР, Ин-т психологии. – М., 1988. – С. 13-15.

5. Бодалев А.А., Рудкевич Л.А. Как становятся великим или выдающимся. – М.: Просвещение, 1997. – С. 23-25.

6. Кан-Калик В.А. К разработке теории общего и профессионального развития личности специалиста в ВУЗе // Формирование личности специалиста в ВУЗе: сб. науч. тр. – Грозный, 1980. – С. 5-13.

7. Кузьмина Н. В. Очерки психологии труда учителя. – Л., 1997. – С. 1820.

8. Маркова А.К. Психология труда учителя. – М., 1993. – С. 19-21.

9. Вачков И.В., Гриншпун И.Б., Пряжников Н.С. «Введение в профессию «психолог»»: учебное пособие / под ред. И.Б. Гриншпуна. – М.: Издательство Московского психолого-социального института. – Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2002. – С. 46-48.

10. Самоукин А.И., Самоукина Н.Б., Шишов А.П. Психология бизнеса. – М: Ассоциация авторов и издателей «Тандем», Изд-во Экмос, 1997. – С. 27-29.

11. Психология. Словарь / под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – М: Политиздат, 1990. – С. 49-50.

12. Якунин В.А. Педагогическая психология: учеб. пособие – 2-е изд. – СПб.: Изд-во В.А. Михайлова, 2000. – С. 32-34.

13. К проблеме профессионального становления личности // Проблемы развития и формирования личности в современных условиях: сборник статей и тезисов. – М.: Изд-во «Гуманитарный институт», 2005. – С. 71-73.

14. Профессионально-личностные особенности студентов-психологов // Проблемы развития и формирования личности в современных условиях: сборник статей и тезисов. – М.: Изд-во «Гуманитарный институт», – 2004. – С.74-76.

15. Вачков И.В., Гриншпун И.Б., Пряжников Н.С. «Введение в профессию «психолог»»: учебное пособие / под ред. И.Б. Гриншпуна. – М.: Издательство Московского психолого-социального института. – Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2002. – С. 46-48.

Э.К. Калымбетова, Ж.М. Арынбаева

Психологические особенности личностной подготовки к профессиональной деятельности

В статье рассматривается проблема подготовленности студентов к профессиональной деятельности и способы обучения в образовательном процессе, которые обеспечивают подготовленность. Исследование данной темы в нынешнее время не потеряло свою актуальность, потому что проблема подготовки будущих специалистов, формирование у них личностной, профессиональной компетентности является очень важной. Также в статье даны основные обработанные результаты, которые были получены в ходе экспериментальной работы. В виде схем показаны данные о формировании компонентов компетентности, также коммуникативной компетентности специалистов и динамика развития формирования профессиональной компетентности у контрольной группы и студентов (до и после эксперимента).

Ключевые слова: профессиональная подготовка, компетентность, коммуникативность, саморазвитие, образ подготовки, педагогические способности, способы взаимного действия, самоопределение.

E.K. Kalymbetova, Zh.M. Arynbaeva

Psychological features of personality preparation to professional activity

In the article the problem of preparedness of students to professional activity and methods are examined educating in an educational process, that provide preparedness. Research of this theme in present time did not lose the actuality. The problem of preparation of the future specialists, forming for them is a personality, professional competence very important. Also, basic treat results that were got during experimental work are given in the article. As charts data are shown at forming of components of competence, also, communicative competence of specialists and loud speaker development of forming of professional competence at a control group and students (before and after an experiment).

Keywords: professional preparation, competence, communicativeness, self-development, image of preparation, pedagogical abilities, methods of mutual action, self-determination.